



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

Предстоит создать механизм финансирования за счет всех источников, позволяющий предоставлять медицинские услуги на высоком профессиональном уровне.

Список использованных источников:

1. Официальный сайт Государственной казначейской службы Украины [Электронный ресурс] / Режим доступа: <http://treasury.gov.ua/main/uk/index>
2. Концепция реформы финансирования системы здравоохранения от 30.11.2016 г.. [Электронный ресурс] / Режим доступа: <http://zakon2.rada.gov.ua/laws/show/1013-2016-%D1%80>.
3. Медицинская реформа [Электронный ресурс] / Режим доступа: <https://ukr.segodnya.ua/>
4. Официальный сайт Счетной палаты Украины [Электронный ресурс] / Режим доступа: <http://www.ac-rada.gov.ua/>

УДК 347.7

**ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙДА ЖАНАМА САЛЫҚТАРДЫҢ
ҚЫЗМЕТ ЕТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Толегенова Азиза Орынбасарқызы

Azikona_97@inbox.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Есеп және аудит» 3 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – А.Бекболсынова

Салықтық әкімшілендірудің тиімділігі әдетте нақты бір салықтың өнімділігімен де өлшенеді. Қазақстан Дүниежүзілік банктің бағалауы бойынша - ҚҚС өнімділігі бойынша Еуропа мен Орта Азияның ҚҚС өнімділігі ең төмен (шамамен 0,3%) алты елдің қатарына кіреді. Бұл қосылған құн салығын әкімшілендіру қызметіндегі маңызды проблемалардың барын көрсетеді.

Сондай-ақ, экономиканың ағымдағы талаптарына сәйкес Үкіметтің жеке секторды қолдау мақсатындағы шараларының бірі салық төлеушілердің жекелеген санаттары үшін оларды анағұрлым қысқа мерзімде кәсіпкерлік қызметке айналым қаражаттарын қамтамасыз ете отырып, ҚҚС-на салықтық тексеру жүргізбей қайтару болып табылады. Сонымен қоса, өзара саудада тауарларды еркін өткізуді қамтамасыз ету үшін және үшінші елдермен қолайлы сауда жағдайын жасау үшін 2008 жылдың 25 қаңтарында Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы арасында Кеден одағында тауарлардың экспорты мен импорты, жұмыстар орындау, қызметтер көрсету кезінде жанама салықтар алу принциптері туралы келісім жасалған.

Үкіметтің бұл қолдауы адал салық төлеушілерге бағытталған, бірақ тәжірибе көрсеткендей, берілген жеңілдіктерді салық төлеушілердің бір бөлігі салық міндеттемелерін қысқарту және бюджеттен ҚҚС сомаларын қайтару үшін «жалған кәсіпорындар» құру арқылы заңсыз пайдаланады.[1]

Осыған байланысты осы салықты анағұрлым сапалы әкімшілендірудегі салық органдарының рөлі өсіп отыр. Іске асырылуы тиіс негізгі шаралар: ҚҚС заңды және оңайлатылған қайтаруды жүзеге асыру үшін тәуекелдерді басқару жүйесі шеңберінде салықтық тексерулерді жүргізуге салық төлеушілерді іріктеудің тиісті өлшемдері базасында «адал» ҚҚС төлеушілерді айқындау; Қосылған құн салығын төлеушілердің тіркеу деректерін 2009 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілген салық заңнамасына сәйкес келтіру мақсатында оларды қайта тіркеу процедураларынан өткізу; салық қызметі органдарының тиісті мемлекеттік органдардан (соттардан, құқық қорғау органдарынан) жалған кәсіпорындар бойынша ақпарат алу тәртібі мен мерзімдерін регламенттеу, Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы арасында кеден одағын құру, кеден одағына қатысушы мемлекеттердің салық органдары өзара саудада жанама

салықтарды сапалы әкімшілендіруді қамтамасыз ету үшін ақпараттар алмасу тәсілдері мен олардың мазмұнын келісу бойынша маңызды жұмыстарды жүргізу; салық заңнамасына сәйкес ҚҚС төлеушілерге (орналасқан орны бойынша жоқ, салық есептілігін табыс етпейтін, камералды бақылау нәтижелеріне елеңдемейтін, салық салудан жалтару жүйелерін анықтау) қойылатын талаптардың сақталуына бақылауды жүзеге асыру кезіндегі жұмысқа басшылық үшін құқықтық акт әзірлеу.

Электрондық-цифрлық қолтаңбаны пайдалана отырып, салық органдары арасында ҚҚС қайтару мәселесі бойынша мәліметтермен автоматтандырылған алмасуды жетілдіру.

ҚҚС қайтару мәселесі. Экспортты қолдаудың маңызды бағыттарының біріне, әсіресе биік дәрежелі өндеуден өткен тауарлардың біріне, экспорттық қызметтің қайсыбір аспектілеріне қатысты салық салуды реттеу саласындағы процедуралық мәселелерді шешу жатады.

Кез келген тауардың бәсекеге қабілеттілігінің негізін бағаның төмендігі мен сапаның жоғарылығын үйлестіру құрастырып отырғандығы белгілі. Қазақстандық өндеуші кәсіпорындардың өнімдеріне деген бағаның жоғары болуына банкілік несиелердің қымбатшылығы мен коммуналдық және транспорттық қызметтерден басқа, салық салудың қазіргі жүйесі, әсіресе ҚҚС-де әсер етіп отыр. Салық салудың қазіргі ҚҚС жүйесі өндеуші кәсіпорындардың дамуын тежеп отыр, өндеуші кәсіпорындардың көлеңкелі экономикадағы ресми мәлімделетіндермен салыстыруға болатын маңызды айналымдарын кетіруге ынталандырып отыруы, өндіріс жаңартуға және өнімнің сапалы жаңа түрлерін өндіруді қамтамасыз етуге арналған айналымдық қорлардың маңызды бөлігін бұрып әкетуге жетелеп отыр.[2]

Кәсіпорындардың өндіріс қорларының физикалық және моральдық қартаюына байланысты үдей түсетін т. н. қосымша құнның жағымсыз әсері бар болып отыр. физикалық және моральдық тозған жабдықтау жағдайында өнім өндеуге арналған әрбір операция көп шығынды талап етеді, ол өнімді қымбаттата түседі және оның экспортқа шығу мүмкіндігін пайдасыз етеді.

Тауарларды ҚҚС тазалау барлық шетелдік мемлекеттерде олардың бағалық сипат бойынша бәсекелік қабілетін арттыру мақсатында қолданылып отыр. Қазақстанда экспорттық операция жүргізудегі ҚҚС қайтаруда кездесетін барлық қиыншылықтар салдарынан әлемдік нарықтардағы тауарлардың бәсекелік қабілеті төмендейді. [3]

ҚҚС қайтаруды тежеу экспортты дамытудағы негізгі кедергінің бірі болып табылады, ол кәсіпорындардың айналымдық қаражатын заңнамада белгіленген кезеңнен асып кететін бір кезеңге дейін тоқтатып қоюға мәжбүр етіп отыр, ол кәсіпорындар үшін жағымсыз болып отыр, олар үшін айналымдық қаражаттың болмауы экспортты тежеп отырған факторлардың бірі болып табылады. Сондай, ақ салықтық әкімшілік ету сыртқы нарыққа ұсынылып отырған өнім бағасына, сонымен қоса оның бағалық сипат бойынша төмен болып саналатын бәсекелік қабілетіне-де әсер етіп отыр.

Импорнтталған тауарларға ҚҚС төлеуді кейінге қалдыру механизмінің кемелсіздігі, ең алдымен, шағын және орта кәсіпкерліктің салық төлеушілері үшін биік импорттық кедендік баж салықтармен қоса отандық кәсіпорындардың бәсекелік қабілетін төмендетіп отыр. Мысалы, дәрігерлік жабдықтар импорты ҚҚС төлеуден босатылады, ал олардың қосалқы бөлшектерінің импортына ҚҚС салынады және импорттық кедендік баж салықтарын төлеу қажет. Ақырында, елде өнім өндіргенше импорттық өнім сатып алу әлдеқайда пайдалы болып табылатын мынандай жағдай болып отыр. Импорнтталған тауарларға ҚҚС төлеу мәселесі тек қана салық төлеушінің жабдықтарды сатып алуын ғана емес, оған қоса қосалқы бөлшектерді-де сатып алуды да ескеру керек, ол дегеніміз позициялар бойынша салық төлеушінің дебеттік сальдосын құрастырара алатын ҚҚС төлеуді ескереді, себебі ол активтерді капитализациялау мен сатып алу шығындарына жатады.

Салық жеңілдіктерін оңтайландыру үшін және салық салу базасын кеңейту мақсатында және бір деңгейлі рентабельділік дәрежедегі кәсіпорындарға бір деңгейдегі жағдай жасау ретінде және тиімсіз болғандықтан екі негізгі салық жеңілдіктері алып тасталынды, олар

мұнайхимиялық өндірісте және жоғары үстеме бағалы өндіріс орындарында. 2015 жылдан бастап сақтандыру мекемелеріне қатынасты ерекше салық режимдері де алып тасталынады, бұл дегеніміз осы категориядағы салықтөлеушілер жалпы режимде басқа да салықтөлеушілер сияқты салық төлеу режимін қолданылады.

Кейінгі кезде жанама салықтар жүйесінде айтарлықтай өзгерістер енгізіліп жатыр, әсіресе бұл өзгерістер қосылған құн салығына байланысты. ҚҚС енгізілгеннен бері ғалымдар мен кәсіпқой мамандардың арасында осы ҚҚС бойынша талай пікірталас болып жатырғаны бәрімізге мәлім. Әсіресе көптеген пікілер қосылған құн салығының салық салу механизміндегі мәселелерге байланысты. Осы кейінгі кезде болған өзгерістердің бірі ретінде мынаны айтуға болады, салық ауыртпалығын төмендету мақсатында шағын және орта бизнес саласында ҚҚС ғы бойынша ес/Ермекбаева Б,Жепке тұру табалдырығы екі есе көбейтілді, енді қосылған құн салығы бойынша есепке тұру үшін айналым табалдырығы 15 000 АЕК-тен 30 000 АЕК-ке өсірілді, нәтижесінде осы шекті табалдырық сомасы көлемінен айналымы төмен салықтөлеушілер қосылған құн салығы бойынша есепке тұруы міндетті емес немесе бұл дегеніміз бұл категориядағы салықтөлеушілер ҚҚС-ның төлеушілері болып саналмайды.[4]

Мемлекеттік салықтық түсімдердің құрылымындағы акциз рөлін қарастырайық, кесте.

Кесте - 2015-2017 жылдар аралығындағы ҚР мемлекеттік бюджетіндегі салықтық түсімдер, млн. тенге


Төлем атауы	2015жыл	2016 жыл	2017 жыл
Салықтық түсімдер	4 883913	6 023263	6 810851
Акциз	161068	205 231	255994
Салықтық түсімдердегі акциз үлесі (%)	3,3	3,4	3,8

Ескерту— Кесте ҚР ҚМ ақпаратына сай жасалған

Қазіргі таңда Қазақстанда 13 салық түрі алынады, алымдар және 10 төлем түрі. Акциз жанама салық болып табылады, және оның мемлекеттік бюджеттегі үлесі 3-4% аралығында,жылдар динамикасында: 2015 – 3,3%, 2016 – 3,4%, 2017- 3,8%.

Демек,соңғы 3 жыл ішінде мемлекеттік бюджеттегі акциз үлесі айтарлықтай өзгеріске ұшырамаған және 3-4% деңгейінде тұр.

Берілген көрсеткіш жалпы алғанда дамыған елдердегі ұқсас көрсеткіштеріне сай.Бұл Қазақстанда салық жүйесі мен салықтық түсімдердің мұқият,жеткілікті ойластырылғанын және экономиканың даму деңгейіне сай келетінін білдіреді.(шаруашылық субъектілердің қызметтік белсенділігіне кедергі келтірмейді).



Сурет 1 – мемлекеттік бюджет түскен акциздер динамикасы

Бұл суретте 2014-2017 жылдар аралығындағы бюджетке түскен акциздер динамикасы көрсетілген. 2014-2015 жылдар аралығында акциздер түсімі бірқалыпты өскен, ал 2016 жылдан айтарлықтай оң өзгерістер байқалған.[5]

Маңызды бір проблемалардың қатарына мынадай жағдайды апаруға болады:

Қазіргі салық органдарындағы кеңінен қолданылып жатырған электрондық салық нормалықжаңалымдар мен заңда бекітілген салықтық құқық нормаларының арасындағы келіссіздіктер, мысалы электронды түрде салық есептіліктерінің жасалуы, оны өткізі қабылдау және есепке алу режимдері салық кодексінде және басқа да заңнамалық құжатпен бекітілмеген, сондықтан нақты іс жүзінде көптеген бұзушылықтарға апарады. Мысалы, ҚР Салық Кодексінде мынадай императивтік нормалар бар, ҚР салықтөлеуші-резиденттері салықтық міндеттемелерін орындайды және қабылдайды ұлттық валютада (теңгеде) делінген, ал ереше бір жағдайларда салық міндеттемелерін шетел валютасында да орындауға болады делінген, бірақ бұл жағдайда салықтөлеушінің сомаларын есепке алу процедуралары тек ұлттық теңгеге ғана айырбастағанда болады делінген, бұдан көретініміз салықтөлеушілер категорияларының арасында ерікті таңдау жоқ және Салық Кодексіндегі әділдік принципі жұмыс істемейді.

Акциздерді әкімшілендіру салық қызметі органдарының жұмысындағы проблемалы бағыттардың бірі болып табылады, атап айтқанда:

1. Акцизделетін өнімдер нарығы жоғары табысты, сондықтан көлеңкелі ықпалға мейлінше бейім. Алкоголь нарығын реттеу жөніндегі қолданылып жатқан шараларға қарамастан, көлеңкелі айналым үлесі азаймай отыр. Заңсыз өндірілген және контрафактілі сәйкестендіруге келмейтін есепке алу-бақылау таңбалары бар алкоголь өнімі «Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінде осындай өнімді сатқаны үшін жауаптылық туралы тиісті нормалардың болмауына байланысты сауда желілері арқылы бақылаусыз сатылған фактілері орын алған немесе құқық бұзушылық үшін санкцияның мардымсыздығы соншалықты оларға ешқандай экономикалық залалсыз қайталауға мүмкіндік береді. Көлеңкелі айналымның қомақты бөлігі алкоголь өнімін өткізудің бөлшек буынында жүзеге асырылады. Өткізілген алкоголь өнімінің көлемдерін ақпараттық деңгейде қадағалау және заңсыз өнімдерді сататын адамдарды анықтау үшін, тиісінше, көлеңкелі айналымды азайту үшін «өндіруші - көтерме сатушы - бөлшек сатушы» тізбегі бойынша талдау жүргізу мүмкіндігі жоқ;

2. Темекі өнімдерінің айналымы саласында негізгі бағыт темекі өнімінің өндірілуін және оның айналымын декларациялауды мониторингілеуге негізделген темекі өнімдерінің өндірісі мен айналымының теңгерімін мемлекеттік бақылау, есепке алу және талдау жүргізу болып табылады. Темекі өнімдерінің өндірісі мен айналымын темекі өнімдерін өткізу арасындағы теңгерімді есепке алу және талдау мүмкіндігі жеткілікті мөлшерде іске асырылмаған.

Акциздерді әкімшілендіруді жақсарту үшін:

- этил спирті (коньяк спирті, арақты, айырықша арақты және (немесе) ликер-арак өнімдерін (әлсіз градусты өнімдерді қоспағанда) автоматтандырылған құюды қоспағанда) өндіру бойынша ашытқы қондырғысының ең төменгі өнімділігін заңды деңгейде белгілеу арқылы кәсіпорынның атаулы қуатынан белгіленген өндірістің қажетті ең төменгі көлемдері бойынша талаптарды күшейту. Бұл ретте атаулы өнімділікті пайдаланудың ең төменгі пайызын тоқсандар бойынша тең белгілеу болжанады;

- сыра өндірісі желілерінде есепке алу жүйелерін белгілеу, сыраға есепке алу-бақылау таңбаларын енгізу, алкоголь өнімінің басқа түрлеріне қатысты сыра айналымына артықшылықтар беру регламентациясын алып тастау;

- этил спирті мен алкоголь өнімін есепке алу бойынша ақпараттық жүйе құру;

- темекі өнімдерінің өндірісі мен айналымын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты жетілдіру;

- уәкілетті органға мұнай өнімдерін өндіру және өткізу көлемдері туралы ақпаратты автоматтандырылған беруді қамтамасыз ету бөлігінде «Акциз» ақпараттық жүйесін жетілдіру;

- бақылаушы есептеу аспаптарынан келіп түсетін ақпараттарды қабылдау, өңдеу және одан әрі камералдық бақылау үшін пайдалану бөлігінде ақпараттық жүйенің функционалдық мүмкіндіктерін кеңейту қажет.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. А.Бекболсынова. Налоги и налогообложение: Учебное пособие. 2-е изд., перераб. и доп./- Астана:Фолиант,2014.-544 с.
2. www.kgd.gov.rk.
3. ҚР Кодексі "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) (2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 120-VI)
4. Салықтар және салық салу: оқулық/ Ермекбаева Б.Ж., Нурумов А.А., Бекболсынова А.С.- Алматы: Қазақ университеті, 2014.-598с.
5. Minfin.gov.kz

УДК 338.3

МЕТОДИКА АНАЛИЗА ДВИЖЕНИЯ ДЕНЕЖНЫХ СРЕДСТВ

Туремуратова Карина Жанболатовна

Karina.1999_99@mail.ru

ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – А.Бекбулатова

В некоторых странах в настоящее время отдается предпочтение отчету о движении денежных средств как инструменту анализа финансового состояния фирмы. Например, в США с 1988 года введен стандарт, по которому предприятия, вместо составлявшегося ими до этого отчета об изменениях в финансовом положении, должны составлять отчет о движении денежных средств[1]. Такой подход позволяет более объективно оценить ликвидность фирмы в условиях инфляции и с учетом того, что при составлении остальных форм отчетности используется метод начисления, то есть он предполагает отражение расходов независимо от того, получены или уплачены соответствующие денежные суммы.

Основная цель отчета о движении денежных средств – обеспечить информацией о поступлении и выбытии денежных средств в ходе операционной, инвестиционной и финансовой деятельности субъекта за отчетный период. Отчет отражает изменения в финансовом положении за отчетный период и призван помочь инвесторам и кредиторам оценить:

- способность субъекта генерировать в будущем положительные потоки денежных средств;
- способность субъекта погашать обязательства и выплачивать дивиденды;
- причины разницы между суммой чистого дохода и денежными средствами;
- результаты инвестиционной и финансовой деятельности.

Но в данной форме отчетности финансовое положение определяется не с точки зрения заработанных доходов и понесенных расходов, исчисленных согласно принципу начисления по моменту отгрузки товаров, выполнения работ и оказания услуг, а с точки зрения фактического потока денежных средств полученных доходов и понесенных в оплату расходов.

В отчете представляется информация о движении денежных средств отдельно по операционной, инвестиционной и финансовой деятельности.

Следовательно, отчет о движении денежных средств позволяет разграничить денежные потоки по видам деятельности, что важно в целях анализа направленности произведенных выплат полученных денежных средств от операционной деятельности, инвестированных владельцем или финансовыми учреждениями.